

PowerPoint бағдарламасын аймақтану материалдарды енгізу мақсатында презентациялар жасау үшін пайдалану оқу процесін тартымды және түсінуге оңай етеді. Сондай-ақ, студенттер жобалық іс-әрекеттің нәтижелерін ұсыну үшін өздерінің компьютерлік презентацияларын жасай алады. Іс – әрекеттің бұл түрін ұйымдастырған кезде практикалық мақсатқа қол жеткізуге болады-студенттерді ағылшын тілі сабақтарында алған білімдерін, дағдыларын олар үшін мүлдем жаңа жағдайға қолдануға үйрету арқылы мәдениетаралық коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін арттыруға көмектеседі.

Ағылшын тіліндегі ақпараттың бай көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін Интернет-ресурстарды кеңінен пайдалану. Бұл ресурс сабақтан тыс іс-әрекет кезінде оқушыларды ағылшын тілді ортаға өзіндік жұмыс арысында енгізу мүмкіндігін тудырады.

Шетелдік газеттердің онлайн нұсқалары. Әрине, студенттер үшін АКТ-ны қолдана отырып, соңғы әлемдік жаңалықтарды оқу және талқылау қызықты әрі пайдалы юлып табылады. Интернеттегі жаңалықтар үнемі жаңартылып отыратындықтан, олар әрдайым жаңа және студенттерге көптеген оқиғалар мен тақырыптарды шарлауға мүмкіндік беріледі.

Осылайша, заманауи АКТ студенттерді үш тілді білім беру ортасында оқуға дайындау үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ тілдік ғана емес, ақпараттық, мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. АКТ-ны қолдану негізінде студенттерді оқыту аналитикалық ойлауды, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерді, өз білімін ұйымдастыруда дербестікті дамытады, ойлаудың жаңа жалпы планетарлық және жаһандық деңгейін қалыптастыруға әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ешимбетова З.Б., Демеуова А.М. Казахстанское «трехязычие» — уникальная формула языковой политики // Инновации в науке: сб. ст. по матер. XI междунар. науч.-практ. конф. Часть II. – Новосибирск: СибАК, 2012.
2. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050»: единая цель, единые интересы, единое будущее». - Астана, 2014.
3. Курмангалиева А. Т. Трехязычие – Основа формирования полиязыковой личности школьников – журнал «Вестник Адыгейского государственного университета» Серия 3: Педагогика и психология, выпуск № 4 / 2009.
4. Сафонова Ю.О. Формирование межкультурной компетенции с использованием ИКТ, - Чебоксары, 2016, с 86-90.
5. Бабушкина Л.Е., Сафонов В.И. - ИКТ как средство формирования социокультурной компетенции студентов педвуза при обучении иностранному языку – журнал «Образовательные технологии и общество». Выпуск № 1 г. Саранск, том 18, 2015. с 449-450.

ӘОЖ 9.433.93

<https://doi.org/10.53355/e9447-4225-6333-h>

АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ – АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Асетова А., гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі «Тарих» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Абдильдинова Л.Б., магистр, оқытушы-дәріскер

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: lashyn_aidar@mail.ru

XX ғасырдың басында тек ұлт мәселесі ғана емес, сонымен қатар тіл мәселесі де алдағы қатарда болған болатын. Ахмет Байтұрсынұлының ана тілі мәселесіндегі

жаңашылдығы мен қазақ әліпбиінің тағдыры мақаланың басты мазмұнына айналды. А. Байтұрсынұлы ұсынған қазақ әліпбиі мен ондағы ерекшеліктері және қазақ әліпбиінің мәселелері талқыланды.

Тірек сөздер: қазақ әліпбиі, тіл мәселесі, дара тұлға, ана тілі, сауат ашу, араб графикасы, латын графикасы

В начале XX века в авангарде стоял не только вопрос нации, но и вопрос языка. Главным содержанием статьи стало новаторство Ахмета Байтурсынова в вопросах родного языка и судьба казахского алфавита. Были обсуждены вопросы казахского алфавита и особенности казахского алфавита, предложенные А. Байтурсыновым.

Ключевые слова: казахский алфавит, проблема языка, личность, родной язык, грамотность, арабская графика, латинская графика

At the beginning of the twentieth century, the vanguard was not only the question of the nation, but also the question of language. The main content of the article was the innovation of Akhmet Baitursynov in matters of the native language and the fate of the Kazakh alphabet. The issues of the Kazakh alphabet and the features of the Kazakh alphabet proposed by A. Baitursynov were discussed.

Keywords: Kazakh alphabet, language problem, personality, native language, literacy, Arabic graphics, Latin graphics

«Қазақтың тілі соншалықты мол. Ләкін қазақтың тілімен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалықты жатық әм анық болар еді, егер де біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмасаң ілгері бастырып сөйлесе»

Ыбырай Алтынсарин

Қазақ халқының тәуелсіздігі мен оның сауатты да, білікті ел қатарына қосылуы үшін ақтық демі қалғанша күрескен алаштың ардақты ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өз заманының дара тұлғасы болды. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Тіл жұмсар», «Баяншы» іспетті еңбектердің авторы. 1924 жылы Орынборда маусымның 15-дегі мәжілісінде А. Байтұрсынов «Әліпби тақырыпты деген баяндама жасайды. Ол түркі халықтарының қолданып келе жатқан жазуы бар екендігін, оны тастап, басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірін осы съезде дәлелдеген болатын.

Әлем халықтарының тарихына үңілер болсақ, әліпби жазу-сызу мәдениетін қалыптастырудың белгілі бір мемлекеттер үшін ғасырлар бойы қиындық тудырғанын байқаймыз. Себебі, жазу, сызу, ол: біріншіден, әр ұлттың білім-ғылым деңгейін көрсететін және ғылыми құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа қалдырудың басты жолы болса; екіншіден, әліпби арқылы белгілі бір ұлт немесе ұлыс тілінің лексикалық, филологиялық, жалпы грамматикалық ерекшелігін байқауға болады; үшіншіден, әліпби арқылы ұлттың жан дүниесін, өткен тарихы мен тілін, мәдениеті мен әдебиетінің кешегісі мен бүгінгісін, тіпті болашағын да болжауға болады; төртіншіден, ұлттық әліпби – әлемдік ақпарат кеңістігіндегі белгілі бір ұлттық символикалық бейнесін көрсетеі, ұлттық идеологиясының әлуетін аңғартып қана қоймай, саяси-экономикалық деңгейін де анықтауға мүмкіндік береді [1].

Жалпы қазақ жазуы тарихындағы өзгерістер мен әліпбилердің ауысуы себептері өте көп.

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ мәдениеті, жазба тілі үшін графика мәселесі мен қазақ жазуы емлесі жайындағы әңгіме баспасөз беттеріндегі пікірталастар түрінде әлеуметтік үнге ие болды. Қазақ жазбасы сан ғасыр бойы қолданылып келген, XX ғасырдың басында реформаланып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне лайықталған, кезінде ғалымдар «Байтұрсынов жазуы» деп, кейінгі зерттеушілер «Қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы» деп, кейінгі зерттеушілер «Қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы» деп аталған араб таңбалы жазуды XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап латынға ауыстыру науқаны басталды [2].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Жас ұрпақтың сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбасының керектігін ұғады. Оған дейінгі мұғалімдер баланы өз ыңғайларына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланып, түрліше оқытатын. Сондықтан, ол оқу жүйесін бір қалыпқа келтіру мақсатымен, балаларды оқытуда, әріп үйретуде жеңіл болуы үшін жас ерекшеліктеріне, ой-өріс, сана-сезімдерінің қалыптасу ыңғайына қарай әліппе оқулық кітабын жазуды қолға алады. Ең алдымен алфавиттегі әріптердің қолдану ретін, жұмсалы орнын анықтауды мақсат етеді. Екінші орынға оқыту жүйесі мен мектеп, медресе, оқулық сияқты мәселелерді қойды. Шамамен 1910 жылдан бастап, араб жазуы таза сол күйінді қазақ тілі үшін жайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзетуді қолға алады. 1913 жылы «Қазақ» газетінің №35 санында жарияланған «Жазу мәселесі» деген мақаласында Ахмет Байтұрсынұлының дауысты дыбыстарды таңбалау жөнінде өз ұсыныстарын айтты.

XIX-XX ғасырларда оқу-ағарту саласының 2 түрлі бағытта болуына байланысты, атап айтқанда медреселер, орыс-қазақ мектептері, әліппелер де араб және орыс әліпбиімен жазылған болатын. Мысалға, қазақтың тұңғыш ағартушысы, педагог Б. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (Орынбор, 1864 ж. жарыққа шыққан), «Қазақтарға орыс тілді үйретудің бастауыш құралы» (Орынбор, 1871 ж.) оқулықтары тұңғыш рет орыс әліпбиімен жарық көрген болатын [3].

Ескере кету керек, Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазуы 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. Төте жазудың ең басты ерекшелігі болды:

Қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады;

Араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады;

Дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.

А. Байтұрсынов ұсынған әліпбиде 24 әріп, 1 дәйекше белгісі болды. дәйекше қойылмаған сөз жуан, дәйекше қойылған сөз жіңішке болып оқылатын [4]. Яғни, үш-ақ дауысты дыбысы бар араб әліпбиін, қазақ тілінің үндестік заңына сүйене отырып, еш қиындықсыз қазақ жазуына ыңғайлады.

Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұлының «әліпби жасау шеберлігін» былайша бағалайды: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болуы керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны өзгертушінің шеберлігі деп білiндер. Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хан танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен».

Ахмет Байтұрсынұлының латын жазуына қарсы шыққандағы негізгі ойлағаны – елдің мәдениеті мен экономикалық жағдайы еді. Ахаң латынға көшу арқылы бүкіл қазақ халқы біріншіден, рухани-мәдени дүниесінен айрылатындығын, екіншіден, оқулық шығару, баспа ісі, т.б. латындандыру үшін орасан көп қаржы керек болатындығын ескертумен болған болатын [5].

1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкіл Одақтық Түркологиялық съезде барынша дәлелдеп, қазақтардың латынға көшуіне қарсы болды. бұрыннан пайдаланып келген, әрі нақтылы бір ұлт тіліне лайықталып, реформаланған араб не орыс графикасын латыншаа ауыстырудың ешқандай саяси, идеологиялық, экономикалық тиімділігінің жоқтығын айтты, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба мұрадан, жазба дәстүрден қол үздірді дегенді айтты. А. Байтұрсыновты жау етіп тануға күш салғандардың оған тағатын айыптарының бірі «Байтұрсынов термин жасауда пуристік бағыт ұстады, яғни қазақ тіліне орыс сөздері мен интернационалдық терминдерді жолатпауға тырысты», - деген пікір білдірген болатын [2]. Осылайша, ұлы ағартушы 1929 жылы ұсталып кетті.

Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1928 жылдың 14 желтоқсанында жаңа әліпбиді енгізу туралы шешім шығарды. Бұл шешім шыққанға дейін ұзақ талқылаулар, түркологтардың съездері, Орталық Азия елдерінің республикааралық мәслихаттары сан рет өткен болатын. Осының ішінде 1924-1927 жылдар аралығында араб графикасын қолдаушы мен латын әліпбиін қолдағандар арасындағы бас-аяғы жоқ пікірталастарға ұласты [6].

Ұзақ пікірталастар А. Байтұрсыновтың қазақ әліпбиін жасаудағы бүткіл жоспарын жоққа шығарды. Керісінше, жазаның күші көбейе түсті.

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

«Байтұрсынұлы жазуы» ең оңтайлы әліпби болып табылғанымен, халыққа істелген «озбыр» саясат өз дегеніне жетіп, латынға негізделген «жаңа әліпті» қолданысқа ендірді. «Халықтың күллі рухани дүниесі араб жазуында жатыр», «араб жазуы тарих тамыршысы», «халық қазынасының қоймасы» деп, оны жатәнімен қорға, шырылдаған зиялылар қауымы «арабшылдар», «ескішілдер», «қадымшылар», «керітартпалар», «ұлтшылдар», «діншілдер», «молданың шашбауын көтерушілер» деп айыптаған болатын. Ал, латын жазуынан орыс жазуына көшу мәселесі «Алаш көсемдерінің», «ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғалардың» көзін біржола құртқаннан кейін яғни 1937 жылдары қайта көтеріле бастады [4].

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған араб әліпбиі негізіндегі қазақ алфавиті қабылданбады. бір ғасырда қазақ әліпбиі бірнеше рет өзгеріске ұшырады. халық бұрынғы жазуынан айырылды. бір ғасыр бұрын қазақ әліпбиінде жазылған бірде-бір оқулықтың біз бетін ашып оқи алмаймыз, тіптен бүткіл қазақ елінің қайғы-қасіретін жоқтап, оқу-білімге шақырған «Қазақ» газетінің бірде-бір бетін аударып оқи алмайтын жағдайдамыз. Бір сөзбен айтқанда, I ғасырдың ішінде саяси сауатсыз, мәңгүрт халыққа айналуға аз қалған елміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Ақымбек. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ графикасы мәселесі//»Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгіні мен болашағы»: Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай ғылыми-әдістемелік G-Global платформасындағы онлайн-семинар материалдары (2017 жылдың 12-19 қаңтары). – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017 – 165 б. – 296. <https://ust.kz/frontend/web/materials/pdf/files/1588533294.pdf>
2. А.Айзакова. Ахмет Байтұрсынов және латын әліпбиі//<https://bilimainasy.kz/axmet-bajtursynov-jane-latin-elipbi/> – 2019 ж.
3. А.Д. Малдыбай. Ахмет Байтұрсыновтың әліпби реформасы// <https://articlekz.com/kk/article/22571> – 2011 ж.
4. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуын алғаш реформалаған ұлы тұлға// <https://tilalemi.kz/article/2092-.html> – 2019 ж.
5. Ахмет Байтұрсынов – қазақ әліпбиінің жанашыры//<https://barinbil.kz/sizge-kerek-my-ury-derek/kerekderek/e-zdik-ylymi-zhoba-ahmet-bajt-rsynov-aza-lipbiini-zhanashyry/>
6. Араб, латын және кирилл қаріптеріне қалай өттік? Қазақ әліпбиінің тарихы// <https://kaz.tengrinews.kz/article/arab-latin-jane-kirill-karpterne-kalay-otk-kazak-alpbinn-941/> – 2017 ж.